

Бекітемін
«Қостанай облысы
әкімдігінің мәдениет
басқармасы» ММ
басшысы
Е. Калмақов
2021 жылғы « » ақпан



**Қостанай композиторларының әндерін
орындаушылардың республикалық «Тобыл сазы»
ән байқауының
Ережесі**

Өткізу уақыты

2021 жылғы қыркүйек айы.

Өткізілетін орны

Қостанай қаласы.

Ұйымдастырушылар

- Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- Қостанай өңірі композиторларының әндерін кеңінен насихаттау;
- жастар арасында әншілік өнердің кәсіби деңгейге көтерілуіне жол ашу;
- әншілердің шығармашылық белсенділігіне қолдау көрсету;
- Республика аймақтарында талантты жаңа есімдерді ашу.

Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар

- байқауға Қазақстан Республикасы облыстарының өнер ұйымдарының өкілдері қатыса алады;
- байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 18-35 жас;
- байқау жеке орындаушылар арасында өтеді.

Байқаудың жалпы сипаттамасы

Байқау екі кезеңнен тұрады

- бірінші ән - Қостанай өңірі композиторларының әндерін орындау;
- екінші ән үміткердің таңдауы бойынша Қазақстан композиторларының бір әнін орындау.

Бағалау өлшемдері

- шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- орындаушылық шеберлігі, мәнерлігі, даусының кеңдігі;
- сахна мәдениетін сақтай білуі;
- сахналық киім үлгісі.

Қазылар алқасы

- байқаудың қазылар алқасына еліміздегі музыка өнерінің қайраткерлері шақырылады;
- қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді;
- қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;
- байқау лауреаттары қорытынды гала-концертте тегін, ақысыз түрде өнер көрсетеді;
- Гала концертке қатысушылардың құрамын және гала концертте орындайтын ән бағдарламасын ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы анықтап бекітеді.

Байқауға қатысушы үміткерлерді марапаттау

- Бас жүлде (біреу);
- 1-орын (біреу);
- 2-орын (біреу);
- 3-орын (біреу);
- дипломдармен марапатталады.

Өтінім беру шарттары

- өтініш (қатысушының репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс);
- жеке куәлігі құжатының көшірмесі;
- шығармашылық өмірбаяны;
- 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті;
- өтінімдер hsb@ocsnt.kz электронды поштасы бойынша және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 мекен-жайы бойынша қабылданады (байланыс телефоны: 8 (7142) 56-04-12, 56-01-29).

Тамақтану, тұрғын жай, жол жүру

- ұйымдастыру комитеті қатысушыларды байқау уақытында тамақпен және тұрғын жаймен қамтамасыз етеді;
- қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын жіберуші жақ төлейді. (үміткердің ұстаздары, еріп келген кез-келген адам барлық шығындарын өздері көтереді).